

**"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындауды беру туралы конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 427 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындауды беру туралы конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ескертпемен Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А.Мамин*

Жоба

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

### **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындауды беру туралы конвенцияны ратификациялау туралы**

2019 жылғы 11 қазанда Ашғабатта жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындауды беру туралы конвенция (бұдан әрі - Конвенция) мынадай ескертпемен ратификациялансын: "Қазақстан Республикасы Конвенцияның 2, 3 және 4-баптарында айтылған "заңды өкіл" термині Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік және азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы үшін "қорғаушы" термині ретінде түсінілетінін мәлімдейді".

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*